

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



Handwritten signature

«БІЛІМДІ БАҒАЛАУДЫҢ
ҚҰЗЫРЕТТІ-БАҒДАРЛЫ ЖҮЙЕСІ»

44-ші ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

17-18 қаңтар 2014 жыл

3-кітап

МАТЕРИАЛЫ

44-ой научно-методической конференции
«КОМПЕТЕНТНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННАЯ
СИСТЕМА ОЦЕНКИ ЗНАНИЙ»

17-18 января 2014 года

Книга 3

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

Материалы 44-ой научно-методической конференции «Компетентностно-ориентированная система оценки знаний». 17-18 января 2014 г. Книга 3. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 407 с.

ISBN 978-601-04-0273-7

В сборнике представлены материалы 44-ой научно-методической конференции КазНУ им. аль-Фараби по актуальным вопросам формирования компетенций обучающихся и компетентностно-ориентированной системы оценки знаний.

Материалы издаются в авторской редакции.

Оқу сабақтарын оқыту белсенді шығармашылық формаларда (кейс-сатылар, тренингтер, пікірталастар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және т.т.) өткізу керек. Оқу пәні бойынша білімді бақылау формасы — емтихан болады. Білімдері көп балды әріптік жүйе бойынша бағаланады. Қорытынды аттестаттауды өткізу формасы дипломдық жұмысты қорғау немесе мемлекеттік емтихандарды тапсыру болады. Сонымен қатар айта кететін бір жайт егер, студент оқыған сабағынан оқу барысында белгіленген балдық көрсеткішке жете алмай, немесе, емтиханды тапсыра алмай қалған жағдайда сабақты қайтадан ақылы түрде оқып шығуға мәжбүр болады. Оқу процесінің негізгі кезеңін жоспарлауда техникалық және кәсіби білімді кредиттік оқыту жүйесіне ауысуды ұйымдастыруда, осы бағытта кемшіліктерді талдай отырып, сөзсіз қиыншылықтар туындайтынын айта кету керек. Кредиттік технология бойынша оқу процесін жоспарлау кезеңдерін талдай отырып, біз оның жағымды жағдайы мен артықшылығында көреміз. Тек оқушының ғана емес, оқушылардың да академиялық еркіндіктерін кеңейту; оқушылармен пәндерді таңдау (50%-ға дейін) оқытушының жағынан кең спектр ұсыныстарын таңдау болып келеді. Бұл екі жақтың да жауапкершілігін тудырады, осының нәтижесінде оқу процесі тең дәрежелі адамдар сұхбатына айналады [3]. Кредиттік оқыту жүйесін іске асырудың жеке жұмысын ұйымдастыру болады. Кредиттік оқыту технологиясының келесі позитивтік жағы — оқу материалын жүйелі бақылап, сапалы менгертіп қадағалау. Позитивтік жағын айта отырып, біз бір қатар мәселелерді шешуіміз қажет және кредиттік оқыту технологиясына ауыртпалықсыз қошуге мүмкіндік туады. Сонымен қатар, қазіргі заманның білім талабы білім беру технологиясын белсенді енгізуге болады. Білім — бұл қоғамдық дамудың маңызды көрсеткіші, сондықтан барлық елдің міндеті оны сапалы, бәсекелестік ету болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. А.А. Жайтапова, Г.А. Рудик, Е.В. Белошниченко, А.С. Сатывалдиева «21-ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында» ақпараттық-әдістемелік дайджест
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы
3. Омар Б.М. МКТУ хабаршысы. 2012 г. №1(77) қаңтар-ақпан Түркістан қаласы. Қазіргі кезеңдегі кредиттік технологияны оқытудың маңызы

Н.Т.Шыңғысова

«ІСКЕРЛІК ҚАТЫНАС ПРИНЦИПТЕРІ» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ғылыми-инновациялық технологиялардың дамуы, ғылым мен білімді, өндірісті тиімді ұштастырудың қажеттілігі жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісінде оқытудың инновациялық әдістерін қолдануды талап етеді. Осы саланы зерттеуші ғалымдар бұл әдістердің тиімді қолданылуы үшін классификациясын жасауда. Алайда оқытудың әдістері туралы бірегей классификация әлі түзілген жоқ. Оқу үдерісі үнемі жетілдіруді қажет ететін сала. Оқытудың дәстүрлі әдістерімен қатар, белсенді оқыту, оқытудың тұлғалық-бағыттау әдісі, мәселелік оқыту және жобалау, герменевтикалық, нақты оқиғаны талдау әдістері, іскери және ролдік ойындар т.б. инновациялық әдістері бар. Олардың мақсаты – студенттің белсенділігін арттыру, жеке ойлауға, шешім қабылдауға машықтандыру, «тұлға» ретінде өзін-өзі жетілдіріп, қабілетін ашуға, оқытушымен өзін тең дәрежеде сезінуіне мүмкіндік беру болып табылады. Оқытушының да рөлі тек білім берумен шектелмейді, студенттің шығармашылық қабілетін барынша ашуға тырысады.

Қазіргі таңда қай салада болмасын, іскерлік қарым-қатынастар аса маңызды. Этикалық нормалардың негізін оқыту студенттің мәдениетті, кәсіби маман болып қалыптасуына ықпал етеді. PR-технологиялардың қолданылуындағы іскерлік байланыстардың маңызы зор. Осы орайда «Іскерлік қатынас принциптері» пәнін оқытуда білім берудің белсенді әдістері қолданылады. «Іскерлік қатынас принциптері» курсы тек қызмет бабындағы ғана емес, сонымен қатар адамгершілік мәдениетін, этикалық нормаларды, іскерлік қатынас барысындағы машықтарды да қамтиды. Курста қарым-қатынас психологиясы мен іскерлік қатынас салаларындағы жалпы теориялық және практикалық білім негіздерін құрайтын мәселелер қарастырылады. Іскерлік қарым-қатынас үдерісіндегі табысты әріптестікке бастайтын психологиялық әдіс-тәсілдердің жалпы принциптеріне баса көңіл бөлінеді. Ұжымдық және жеке ықпал ету әдістері мен құралдары көрсетіледі. Оқытудың нақты пәндік әдістері студенттердің іскерлік қарым-қатынас негіздеріне машықтануына және табысты жетекшінің имиджін қалыптастыруға көмектеседі. Жас маманды іскерлік жағдайды дұрыс таразылап, талдауға және оған

тиімді ықпал етуге үйретеді. Пән барысында студенттер берілген тапсырмаларды орындай отырып, болашақ кәсіпке машықтанады. Тұлға ретіндегі шығармашылық және коммуникативтік қабілеттері оянады, мәселеге жеке көзқарасы қалыптасады, алған білімін практикада қолдануға машықтанады. Мәселелік дәріс материалды баяндау барысында шешілуге тиіс, терең ойлануды қажет ететін мәселе коюдан басталады.

Курс барысындағы «Есірткіні бірге тоқтатамыз» мәселелік дәрісінде студенттер екі міндетті жүзеге асырады. Біріншіден, әлеуметтік жобаның жасалу кезеңдерімен танысып, нақты іс-шараларды жүзеге асыруға болатындығына көз жеткізеді, берілген жоба үлгісінде өздері де әлеуметтік жобалар жасап үйренеді. Екіншіден, дәрістегі қойылған мәселенің шешілуіне атсалысады. Дәрістің мақсаты – ақпаратпен таныстыра отырып, бірлескен қызмет арқылы студент пен оқытушының бір деңгейдегі мүдделерін тоғыстыру. Мәселені тек бірлескен қызмет барысында ғана шешуге болады. Яғни, дәрістегі қойылған мәселенің шешілуі студент пен оқытушының бірлескен жемісті еңбегі. Тапсырманы бағалау критерийлеріне: кретаивті идеяның, қазақстандық мысалдардың болуы, мәселенің толық шешімін табуы, тақырыптың терең ашылуы, жобаның түпнұсқалығы, студенттің материалды таныстырудағы жоғары мәдениеті мен шешендік өнері, өзіндік ұстанымының болуы жатады. Дәріс барысында туғызылған мәселе студентті практикалық қызметке бейімдеп, кез келген мәселені кезең-кезеңімен шешу қажеттігін көрсетеді, өзіндік ой қорытып, тұжырым жасауға мүмкіндік береді, құзіреттілігін қалыптастырады. Болжам жасауды, ақпарат көздерін таңдай білуді үйретеді. Студент ақпараттық кеңістікте дұрыс бағыт ұстап, мәселелерді өзі анықтап, шешіп, қызметінің нәтижелерін болжап, бағалай білуге машықтанады.

Мәселелік оқытуда әртүрлі ақпарат көздері мен құралдарды қолдану қажет. Материалды баяндамас бұрын, мәселені қойып, танымдық міндет қалыптастырамыз, кейінгі қадам дәлел-дәйектер келтіру, көзқарастарды салыстыру, студенттердің қойылған міндеттерді шешу әдістері мен мүмкіндіктерін бағалау. Дәрісте оқытушы оқу материалдарынан мәселелік оқиғаларды өзі таңдап, қарама-қайшылық тудырады. Оның пайда болу себептерін талдап, практикалық қорытындылар жасайды. Ал мәселелік семинарда берілген курстың, тақырыптың мазмұнымен байланысты мәселелерді студенттің өзі іріктеп, таңдап алады, түсіндіреді. Семинар барысында топтық пікірталас ұйымдастырылып, мәселе талқыланады. Бұл әдіс студенттің іскерлік қатынас принциптеріне қызығушылығын оятып, осы саладағы білім деңгейін көрсетеді. Пән барысында сондай-ақ тақырыптық, бағыттаушы, жүйелі семинарлар жүргізіледі. Олардың барлығы да студенттің жеке көзқарасын қалыптастыруға, ақпаратты студенттің жете меңгеріп, практикамен ұштастыруына бағытталған.

Болашақ PR-мамандарын өзгеріске жедел бейімделетін, нарықты болжай білетін, көпшілікпен тез тіл табысып, кәсіби этиканы, тұлғааралық қарым-қатынасты тиімді орната білетіндей етіп тәрбиелеу қажет. Қоғамдық құндылықтардың өзгеруімен байланысты менеджмент этикасы да елеулі өзгерістерге ұшырады. Бүгінде тұлға және оны ашу, қажеттілікке бағытталу алдыңғы қатарға шықты.

Курста қолданылатын тұлғалық-бағыттау әдісі студенттің ұлттық-психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тұлға ретінде қабылдап, оқытушымен тең дәрежеде сенімге негізделген ашық қарым-қатынас құру. Бұл «Іскерлік қатынас принциптері» пәнінің де мақсатына келеді. Аталған әдіс бойынша студент өзін-өзі танып, бағалап, кәсіби дамытуға тырысады. Ғалымдар бұл бағыттың қоғамды ізгілендірудің жалпыәлемдік тенденциясын жетілдіруге атсалысатындығын айтады [1].

Сабақ барысында әр студентке өздері орындаған тапсырмалары бойынша портфолио жасату тиімді. Бұл студенттердің берілген тапсырмаларды толық орындауына ықпал етеді әрі оқытушының әр студентті тапсырмалардың орындалуына қарай әділ бағалап отырғандығына көздері жетеді. Аралық бақылау кезінде портфолиодағы апта сайын орындалған тапсырмалардың деңгейі студенттің сабаққа қызығушылығын, алған білімінің нәтижесін көрсетеді.

Белсенді оқытудың мақсаты – студенттердің оқу материалын толық меңгеруіне, берілген тапсырманың шешімін тауып, дәлелдеуге, студенттерді ұжымда, топта жұмыс істей білуге, өзге көзқарас, ұстанымды шыдамдылықпен тыңдай білуге, өз пікірін қалыптастыруға ықпал ету. Пәнді жүргізу барысындағы ролдік ойындардың студенттерге әсері күшті екендігіне көз жеткізілді. Өзі ойнаған ролдің әсерінен арыла алмай отырған студенттің шынайы, әсерлі баяндауы топтағы өзге студенттерді де еліктіріп алып кетеді. Оқиганы өз басынан кешірген студенттің тақырыпты терең меңгеріп, шешілу жолдарын ұтымды ұсынуы жиі кездеседі.

Сабақтағы дөңгелек үстел басындағы кездесу іскерлік этикетті қалыптастыруға зор үлес қосады. Бұндай кездесулерге танымал PR-мамандар шақырылады. Тақырып пен талқыланатын сұрақтар студенттермен бірлесе отырып алдын ала таңдалады. Таңдалған тақырып бойынша сөз

ылған дөңгелек үстел қонағы шеберлік сыныбын өткізеді. Студенттердің белсенділік танытып, пікір қосып отыруы, сұрақтар қоюы маңызды. Дөңгелек үстел тең дәрежедегі пікірлер алаңына айналуы керек. Мұндай басқосулар студенттің өз ойын ірікпей ашық, дәлелді білдіруге, тыңдай білуге, тыңдата білуге, көпшілік алдында сөз сөйлеуге дағдыландырады.

Студент білімін бағалаудың жаңа формаларына жедел бейімделу үшін оқытушы мен студенттің түсіністікке негізделген бірлескен жұмысы маңызды. Студенттерге тапсырмалардың орындалуына жауапкершілік бұрынғыдан да артқандығы түсіндірілді. Бұрын 3 балмен бағаланатын СӨЖ тапсырмасы енді 7 балмен бағаланады. Олай болса оқытушы тарапынан жоспарлау, бақылау, әдістемелік жетекшілік жасау арқылы студенттің өзіндік жұмыс мүмкіндіктерін арттыру қажет. СӨЖ студенттің жауапкершілігін арттырып, мәселені өзінше шешуге мүмкіндік береді. Курстағы СӨЖ формалары әртүрлі. Реферат, эссе, мерзімді баспасөз материалдарын тауып, салыстыру, талдау, компанияның имиджін құруға бағытталған жобалар жасау т.б. СӨЖ қабылдайтын кесте студенттің материалды игеріп, тапсырманы орындауына ыңғайлы жасалған әрі СӨЖ орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар, бағыт-бағдар алдын ала беріледі. СӨЖ болашақта дипломдық жұмыс жазуға машықтандырады. Алған білімді тереңдетеді. Танымдық қызметке қызығушылық қалыптастырады. Әрине, жеке ізденген студенттің пікірі кейде қате болуы мүмкін. Сондықтан СӨЖ қабылдау кезінде орындалған тапсырмаға топтық көзқарастың болғаны дұрыс. Кейде СӨЖ тапсырмалары 2-3 студенттен құрылған топқа беріледі. Бұл да өте тиімді, себебі СӨЖ орындау кезеңіндегі олардың әртүрлі көзқарастары мен пікірталасы ақиқатқа бастайды. Жұмыстың тиімділігі, сапасы артады.

«Іскерлік қатынас принциптері» пәні 1 курста оқытылатындықтан, оларға СӨЖ кестесі аса қажет. Сондай-ақ, СӨЖ тапсырмаларын орындау кезеңінде оқытушы тарапынан тұрақты бақылау қажет. Кеше ғана мектеп қабырғасынан шыққан студенттің СӨЖ орындау кезінде қиындықтармен бетпе-бет келуі мүмкін, ондай жағдайда оқытушы көмекке келеді, жеке кеңес берулер жүргізіледі. 1 курс студенттеріне материалды игеру жеңіл болуы үшін «Іскерлік қатынас принциптері» пәнін оқытудың технологиясы» оқу-әдістемелік нұсқау шығарылды.

Аталған инновациялық әдістер оқу үдерісінің сапасын жақсартып, студенттерді практикалық машықтандырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать. Алматы, 2012 - 16 с.

Т. Е. Картаева

МУЗЕЙ ЭКСПОЗИЦИЯСЫНДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫ ОҚУ ҮДЕРІНЕ ЕНГІЗУ

«Қазақстан - 2050» стратегиясының басым бағыттардың бірі - инновациялық нанотехнологияларды қоғамның барлық саласында қолданысқа енгізу. Мемлекеттің қарқынды дамуында қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың да шешуші рөл атқаратыны сөзсіз. Қоғамымыздың бүгінгі даму деңгейі, қазіргі таңдағы ғылыми-теориялық қарқын музей ісі салаларының қазіргі оскелең қоғамның талаптарына сай биімделуін талап етеді. Дамудың жаңа бағытына түскен қазіргі заман музейлері – құндылықтарды сақтау орны ғана емес, ол қазіргі заманғы презентациялық техникалармен жабдықталған, экспозицияны мультимедиялық қондырғылармен, компьютерлік техникалармен, видеоконференц байланыс құралдарымен жабдықталған, ірі ақпараттық ғылыми-зерттеу орталығы [1, с. 27-29].

Қазіргі заманғы музей технологиясында *сенсорлы ақпараттық киоскілерді* қолданысқа енгізудің музей үшін де, тұтынушы үшін де маңызы зор. Қазіргі жаһандану заманында ақпараттық технологиялардың дамуы, музей саласына цифрлі жүйелерді енгізуге әкеліп, музей өзінің келермендеріне қажетті ақпаратты осы технологиялар арқылы ұсынады. Жаңа технологиялар экспозициялауды қорқытпай, әрбір экспонатқа қосымша мәтіндік және суреттік түсініктеме беріп, виртуалды қорғау ұйымдастыруға және қордағы экспонаттар жайлы толық мәлімет алуға мүмкіндік береді. Қазіргі заман музейлерінде сенсорлы ақпараттық киоскілер экспозиция мазмұнын апаратын электронды көмекші немесе ақпарат беру жүйесі қызметін атқарады. Осы технологияны өндіруші компания сенсорлы ақпараттық киоскілердің қызметін шектеусіз деп ойлаған. Сондықтан әлемдік музейлердің технологияларды енгізу тәжірибесін зерттеп, музей технологияларының мүмкіндіктері

Дуйсебаева К.Д., С.С.Абдыгалиева С.С., Акашева А.С. Контроль знаний по географии в процессе обучения студентов как один из компонентов управления качеством образования	48
Мажренова Н.Р., Биримжанова З.С Минжанова ., Г.М. Влияние критериев оценки знаний на интеллектуальное развитие студентов	51
Мақаш К.К., Рыскелдиева А.М. Білім беру жүйесінде инновациялық оқытудың маңыздылығы	52
Нюсупова Г.Н. Использование инновационных технологий в управлении проектами	54
Нюсупова Г.Н., Вилесов Е.Н., Токбергенова А.А. О качестве тестовых заданий для ВОУД выпускников специальности «География»	58
Тажibaева Т.Л. Инновации в контроле и оценке результатов обучения по дисциплине «физиология растений с основами экологии»	60
Торегожина Ж.Р., Тажибаева Т.Л. Состояние и перспективы дистанционного обучения по дисциплине «Экология и устойчивое развитие»	62
Әлімжанова А. Интернет журналистикада мультимедиялық құралдарды қолдану әдістері	64
Қабылғазина К. Білімді бағалау әдістері	67
Қамзин К. Бакалавриат және магистратура пәндерінен емтихан сұрақтарын құрастыру әдістері	69
Негизбаева М.О. Определение эффективности усвоения учебного материала студентами	71
Омарова Г.Ә. Кредиттік жүйе - білімнің қажеттілік көлемі мен пайдалану саласы бойынша мазмұны	74
Тілепберген А. Жоғары оқу орындарында әдістемелік жұмысын басқару мен ұйымдастырудың кредиттік тәсілі	77
Шыңғысова Н.Т. «Іскерлік қатынас принциптері» пәнін оқытудағы қолданылатын инновациялық әдіс-тәсілдер	79
Картаева Т. Е. Музей экспозициясында жаңа ақпараттық қондырғыларды қолдануды оқу үдеріне енгізу	81
Қозгамбаева Г.Б. Студенттермен интербелсенді лекция, семинар, өзіндік жұмыстар жүргізу жолдары	85
Нұрписова Б.Е. «Ғылыми-техникалық мұрағаттар» пәнін оқытудағы құндылықтық өлшем мәселелері	89
Смағұлов С. «Қазақстан тарихы» пәнінің тәрбиелеушілік мүмкіндігін жүзеге асыру жолдары	91
Шамшиденова Ф.М. Система оценки компетенций студентов	94

Научное издание

**МАТЕРИАЛЫ
44-ой научно-методической конференции
«КОМПЕТЕНТНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННАЯ
СИСТЕМА ОЦЕНКИ ЗНАНИЙ»**

17-18 января 2014 года

Книга 3

ИБ № 7031

Подписано в печать 13.01.14. Формат 60x90 1/8. Бумага офсетная.
Печать цифровая. Объем 34 п.л. Тираж 177 экз. Заказ № 16.
Издательство «Қазақ университеті» Казахского национального
университета им. аль-Фараби. 050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71. ҚазНУ.
Отпечатано в типографии издательства «Қазақ университеті».